

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**Мамандығы: Кеден ісі****Шифр: 5B030400****Пән: Кеден ісі саласындағы криминалистика және анықтау**

Тақырып **Криминалистика- дәлелдеу субъектілерінің іздеуші-танымдық қызметін қамтамасыз ететін ғылым**

Түйінді сөздер: **криминалистика, криминалистикалық техника, дактилоскопия, одорлогия, құжаттарды зерттеу, қолжазбаны зерттеу, фоноскопия, баллистика, трасология, криминалистикалық тактика, тактикалық тәсілдер, ситуациялар, комбинациялар, жоспарлау, анализдеу, жеке қылмыстарды тергеу методикасы, криминалистикалық сипаттама.**

Негізгі сұрақтар:

1. Криминалистиканың ғылым ретіндегі ұғымы және мәні.
2. Іздеуші танымдық қызмет.
3. Криминалистиканың пәні, жүйесі, әдістері.

Тезис: Криминалистика тергеу және басқа құқыққорғау органдарының жұмысының іскерлігін арттыруға үлкен әсер етеді, өйткені криминалистика тергеу тәжірибесін талдап, қорыту арқылы, қылмысты ашуға бейім тәсілдерді тауып, оларды қолдану үшін керекті техникалық құралдарды тергеу қызметкерлеріне дайындап береді.

Қылмысты оқиға бір адамның, немесе бірнеше адамдардың белгілі бір әрекет қимылдарынан тұрады. Сондықтан қылмыс қандай жедел жасалса да ол айналадағы ортаға әсер етіп, сол қылмыс жасалған жерде көптеген іздер қалдырады.

Заң әдебиеттерінде криминалистикаға әр түрлі пәндік сипаттама беріледі. Көп жылдар бойы бұл мәселеге үлкен назар аударылып, көп пікір таластар болды. Олай болуы орынды да, әр пәннің мағынасын терең түсіну арқылы ғана оның маңызын біліп, негізгі қағидаларын дұрыс және орынды пайдалануға болады.

Криминалистика - қылмысты ашуға және тергеуге керекті заттай дәлелдемелерді процесуалдық заңға сүйене отырып, іздеп табу, алу, бекіту, зерттеу үшін пайдаланатын техникалық құралдар, тактикалық тәсілдер мен тергеу әдістемелері жөніндегі ғылым.

Криминалистика басқа да өзі тектес заң ғылымдарымен тығыз байланысты, өйткені криминалистиканың көп тәсілдері мен әдістері осы ғылымдардың қағидаларына негізделеді.

Криминалистика ең алдымен қылмыстық істер жүргізу заңымен тығыз байланысты. Себебі криминалистиканың зерттеп дайындаған тәсілдері мен әдістері қылмысты ашуға, тергеу әрекеттерін тиімді жүргізуге негізделсе, қылмыстық істер жүргізу заңы осы тергеу әрекеттерінің жүргізілу тәртібін заңды түрде регламентациялайды. Атап айтқанда екі пәннің де зерттейтіні бір объект – тергеу әрекеті. Бірақ олардың осы процесуалдық әрекеттерді оқып, тексеру аспектісінің мазмұны әр түрлі. Криминалистік тәсілдер мен әдістер тергеу әрекеттерінің тиімді және нәтижелі жүруіне бағытталған. Олар қылмыстық процесуалдық заңда көрсетілмеген, заң қалпының мазмұнымен қамтылмаған. Бірақ криминалистика ұсынған қандай әдіс, тәсіл, не құрал болса да ол қылмысты істер жүргізу заңының шеңберінен шықпауға тиісті және заңға қайшы болмауы керек.

Криминалистиканың қылмыстық құқық ғылымымен де тығыз байланысы бар. Қылмыстық құқық ғылымында қоғамға қауіпті қандай әрекеттердің қылмыс қатарына жататынын көрсетіп, әр қылмыстың құрамындағы белгісін талдап баяндайды.

Криминалистикаға тектес ғылымдардың бірі – криминология. Бұл ғылым қылмыстың болу себептерін, оның әлеуметтік негіздерін және белгілі жерде тарауын, оған қарсы сақтандыру шараларының қолдану тәсілдерін зерттейді.

Келтірілген ғылымдар мен пәндерден басқа криминалистика басқа да криминалдық ұғымға кіретін сот - медицинасы, сот - психиатриясы, сот - психологиясы пәндерімен де көп байланысы бар, өйткені қылмысты ашу, оны тергеуге арналған криминалистік тәсілдер, тергеу әрекетін жүргізу әдістері осы жоғарыда айтылып отырған пәндердің қағидаларын пайдаланады.

Криминалистика тек заң ғылымдары ғана емес, басқа ғылымдармен де, атап айтқанда: физика, химия, математика, педагогика, психология ғылымдарымен де байланысы бар, себебі криминалистика қылмысты тез арада ашу үшін, өз тәсілдерінің нәтижелігін арттыру үшін, жоғарыда айтылған ғылымдарда қолданылатын тәсілдер мен әдістер, техникалық құралдарды өз қажетіне бейімдеп пайдаланады.

Криминалистикада қолданылатын тәсілдер мен әдістер, заттай дәлелдемелерді іздеп табу, оларды бекіту, алу, зерттеуге бағытталады.

Заттай дәлелдемелерді іздеп табу дегеніміз – ол тергеу органдарының қылмысты ашуға, керекті дәлелдерді іздеуге байланысты жүргізілетін жұмыс әрекеті. Заттай дәлелдемелерді іздеуге арнаулы әдістер мен тәсілдер жеке криминалистік құралдар қолданылады, себебі кейбір іске қажет дәлелдер, атап айтқанда: іздер, өте кішкентай заттарды жай көзбен қарап тауып алуға болмайды (мысалы, майлы тер шығу арқылы пайда болатын қол іздерінің үлгісі).

Бекіту және алу дегеніміз – криминалистік аспектіде іздеп тауып алынған заттай дәлелдемелерді, іздерді сол күйінде сақтап қалу үшін, оларды арнайы криминалистік тәсілдермен белгілеу және алу.

Сонымен криминалистиканың мына төменде көрсетілгендей негізгі міндеттері бар:

1. криминалистиканың ғылым ретінде дамуы;
2. заттай дәлелдемелерді іздерді тауып, бекіту, алу және зерттеу үшін керекті жаңа криминалистік әдістер мен тәсілдерді одан әрі өңдеп жетілдіру және осы әдістерді пайдалануға лайықты техникалық құралдар жасау;
3. алдын-ала тергеудің ұйымдық, тактикалық негіздерін жетілдіру. Әрбір тергеу әрекетінің тактикалық әдістерін өңдеу арқылы оның нәтижелігін арттыру;
4. жекелеген қылмыстарды тергеу әдістемелерін өңдеп жетілдіру үшін жаңа ұсыныстар енгізу;
5. қылмысты болдыртпау үшін криминалистік сақтық шараларды құқыққорғау органдарына ұсыну.

Криминалистика ерекше, дербес ғылым бола тұра, өзі жеке бөлімдерден құралады: криминалистиканың теориялық және методологиялық негіздері, криминалистік техника, тергеу тактикасы, әр түрлі жеке қылмыстарды тергеу методикасы.

Сонымен қатар, криминалистер кейінгі жылдары криминалистика жүйесінде қылмысты ашу мен тергеуді ұйымдастыруға арналған тағы бір бөлімді бөліп көрсетеді.

Олардың пікірлері бойынша бұл бөлімнің ұғымына криминалистік болжаулар, сондай-ақ, тергеу процесіндегі тергеушінің әртүрлі қызметпен өзара байланысын жоспарлау жөніндегі ілімдер кіруі қажет.

Криминалистика жалпы ғылыми және жеке тәсілдермен қатар арнайы тәсілдерді қолданады. криминалистиканың өзінің міндеттерін объективті тұрғыда зерттейді, сондықтан басқа ғылымдардағыдай диалектикалық тәсілді криминалистиканың жалпы тәсілі деп санауға болады.

Жалпы ғылыми әдістерге: өлшеу, эксперимент, бақылау, өлшеу т.б.

Криминалистикада арнайы әдістер де орын алады, олар: басқа ғылымдарда пайда болған әдістерді криминалистикалық объектілерді зерттеуге бейімдеу арқылы пайда болады.

Оларға: криминалистік суреттеу әдістері, трасология мен криминалистиканың баллистика әдістері, қытіркеудің әдістері т.с.с.

Арнайы әдістердің екінші тобына спектордың көзге көрінбейтін инфрақызыл, ультракүлгін, микроскопиялық, рентген сәулесінде зерттеу, спекторлық талдау әдістерін жатқызуға болады.

1. Нормативтік құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Кодексі
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі
ҚР ҚДЖК
5. ҚР Жедел-ізвестіру туралы Заңы 1994 ж. 15 қыркүйек

6. Әдебиеттер:

Негізгі

1. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика Учебник для вузов (под. Ред. Р.С.Белкина) М..2000.
2. Гинзбург А.Я. Оперативно-розыскная деятельность. Учебное пособие. 1996 г.
3. Криминалистика под. Ред. Дулова А.В. Минск 1998.
Криминалистика под. Ред. Оброзцова В.А. м. 1999

Қосымша

1. Григорьев В.Н. Селютин А.В. Последовательность в уголовном процессе. Учебн. пособие. М.2002.
2. Гинзбург А.Я. Опознание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике. Учебно-практическое пособие. 1996.
3. Павлухин Б.В. расследование в форме дознания. Учебн. пособие. Томск 1979.

Тақырып **Криминалистикалық міндеттерді шешуді қамтамасыз етудің ғылыми-техникалық құралдары (Өзекті дәріс)**

Түйінді сөздер: **криминалистика, криминалистикалық техника, дактилоскопия, одорлогия, құжаттарды зерттеу, қолжазбаны зерттеу, фоноскопия, баллистика, трасология, хромотограф, ультрасәулелер, масштабты фотосурет, люменицентті анализ.**

Негізгі сұрақтар

1. **Криминалистикалық техниканың түсінігі. Криминалистикалық техниканы қолданудың құқықтық негіздері**
2. **Криминалистикалық техниканың жалпы ережелері және құрылымы.**
3. **Қылмыс іздерін алу, бекіту. Оларды сараптамалық зерттеу тәсілдері.(спектрлік талдау, үлкейту, ультракүлгін сәулелерін пайдалану т.с.с)**

Тезис: Криминалистикалық техника криминалистиканың бір бөлімі ретінде қылмыстық іздерді табу, бекіту, алу, жинауға қолданылатын және тергеліп отырған оқиға мәліметтерін қалпына келтіріп қайта өңдеуге бейімделген ғылыми-техникалық құралдар мен әдістерді теориялық ережелер және қағидалар тұрғысынан өңдеп жетілдіру, сондай-ақ қылмыстарды алдын алу әдістері мен техникалық құралдардың жүйесі болып табылады.

Криминалистикалық техника – криминалистикадағы алғашқы пайда болған түсінік, оның құрылу кезіндегі негізгі ғылым.

Криминалистикалық техника термині, біріншіден – криминалистика ғылымының бір бөлімін, ал екіншіден – техникалық құралдардың жиынтығын білдіреді, яғни құрылғылар, аппараттар, құралдар, сот өндірісіндегі дәлел

Криминалистикада ғылым мен техниканың жетістіктері кеңінен қолданылуы криминалистикалық техниканың дамуына әкеліп, қазіргі кезде келесідей негізгі салалары қалыптасқан:

- криминалистикалық техниканың жалпы ережелері;
- криминалистикалық фотография, дыбыс және бейнежазба;
- трасология (іздер жөніндегі ілім);
- криминалистикалық баллистика;
- криминалистикалық қолжазбатану және автортану;
- құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеу;
- суық қаруды криминалистикалық зерттеу;
- криминалистикалық жарылыстану;
- заттар мен материалдарды криминалистикалық зерттеу;
- одорология;
- фоноскопия;
- адамдарды сыртқы бейне белгілері бойынша теңдестіру;
- криминалистикалық тіркеу және есепке алу.

Криминалистикалық техниканы тағайындау әдістерін келесідей топтарға бөліп көрсетуге болады:

1. Заттай дәлелдемелерді табу, бекіту және алудың әдістері мен тәсілдері. Бұл әдістемелердің тобы дәлелдемелерді жинауға бағытталған тергеу әрекеттерін жүргізуде үлкен мағынаға ие болады, мысалы: қылмыс болған жерден қолдың, аяқтың, көлік құралының, атыс құралының іздерін, өзге де объектілер мен жерлерден микроіздер және бөлшектерді табу мен алу тәсілдері.

2. Заттай дәлелдемелерді зерттеу әдістері мен тәсілдері. Бұл әдістер тобын тергеуші мен маман тергеу әрекетін жүргізу барысында қолданулары мүмкін, бірақ негізінен криминалистикалық сараптама жүргізу кезінде заттай дәлелдемелерді лабораториялық зерттеу үшін арналған. Олардың қатарына адамдарды, жануарларды, бұзу құралдарын, ату қаруын, заттардың шығу тегін және т.б. идентификациялау әдісі жатады.

Криминалистикалық техниканың әдістері, олардың табиғи негізінде жатқан құбылыстар мен қай ғылыми топқа жататындығы бойынша жүйеленеді. Атап айтқанда: а) физикалық; ә) химиялық; б) физика-химиялық; в) ботаникалық; г) физиологиялық; д) математикалық; е) логикалық; ж) биологиялық.

Криминалистикалық техника жалпы ғылым, сондай-ақ арнайы әдіс ретінде қолданылады.

Криминалистикалық техниканың өзіне тән әдістері қылмыстық іздерді табуға, алуға, бекітуге бағытталған. Атап айтсақ, көзге көрінбейтін инфрақызыл, ультракүлгін, альфа, бетта, гамма, рентген сәулелерін зерттеу әдістері. Ешқандай құралсыз, жай көзбен біз оптикалық спектордың тек 400 нм.-750 нм. Толқын ұзындығының аралығындағы сәулелерін қабылдап көреміз.

Люминесценттік талдау арқылы әртүрлі құрамнан тұратын заттарды дифференциялауға, көзге көрінбейтін жазбаларды оқуға, кейбір заттардағы ұсақ дақтарды көруге болады. Криминалистикалық зертханаларда осындай заттарды ультра күлгін сәулелер зерттеу үшін әр түрлі кварцтық шамдар қолданылады. (Люм-1, ОИ-8, УО-1). Рентгенді криминалистикада мылтықты, оқ дәріні, т.б. жеңіл металлдан жасалатын заттарды зерттеуге пайдаланады.

Оқиға болған жерді қарағанда, тінтігінде кішігірім рентген аппараттары көрінбей жатқан заттарды табуға көмектеседі.

Спекторлық талдау арқылы сияның қарандаштың басқа да бояғыш заттың түрін айыруға болады. Бұл тәсілмен металлдан, пластмассадан жасалған заттар тексерілінеді. Криминалистикада спекторлық талдау оқ дәрі, бытыраны зерттеу үшін қолданылады.

Аталған әдістер этикалық нормаларға және процессуалдық заңға қайшы келмеуі керек. Бұл әдістер ғылыми қағидаларға сүйену қажет, оның нәтижелігі ғылыми жолмен дәлелденген болуы керек.

Ұсынылатын әдебиеттер

7. Нормативтік құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл
8. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы
9. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Кодексі
10. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі
ҚР ҚДЖК
11. ҚР Жедел-ізвестіру туралы Заңы 1994 ж. 15 қыркүйек

Әдебиеттер:

Негізгі

4. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика Учебник для вузов (под. Ред. Р.С.Белкина) М..2000.
5. Гинзбург А.Я. Оперативно-розыскная деятельность. Учебное пособие. 1996 г.
6. Криминалистика под. Ред. Дулова А.В. Минск 1998.
7. Криминалистика под. Ред. Оброзцова В.А. м. 1999

Қосымша

1. Век криминалистики Ю. Торвальд М. 1991..
2. Гинзбург А.Я. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике. Учебно-практическое пособие. 1996.

Тақырып **Криминалистикалық қызметтің ақпараттық-анықтамалық қамтамасыз етуі. Криминалистикалық және қосымша есепке алулар. (Ақпараты дәріс)**

Түйінді сөздер: **криминалистика, криминалистикалық есеп, дактилоскопиялық есеп, алфавиттік есеп, одоротека, видеотека, жедел тіркеулер, Папиллон жүйесі.**

Негізгі сұрақтар:

1. Ақпараттық-анықтамалық қамтамасыз етудің маңызы мен қағидалары.
2. Криминалистік тіркеудің жүйесі. Жедел-анықтамалық тіркеулер. Алфавиттік. Дактилоскопиялық. Видеотекалар.
3. Криминалистік есепке алулар. Қылмыс жасау әдісі бойынша есепке алу. Хабар-ошарсыз кеткендерді есепке алу.

Тезис: Криминалистикалық тіркеудің ғылыми негізін ең алғашқы рет XIX ғ. аяғында 1882 ж. А. Бертильон қылмыскерлерді тіркеудің антропометриялық, ал В. Гершель, Г. Фулдс, Ф. Гальтон 1887-1891жж. дактилоскопиялық тіркеу әдісін енгізу арқылы қалыптастырған. Қазіргі уақытта да криминалистік оқулықтарда кездесетін тіркеудің алғашқы жүйесі «қылмыстық тіркеу» - деп кездейсоқ аталмаған. Бүгінгі таңда криминалистикалық тіркеу жүйесі шеңберінде тіркеудің сан-алуан түрлері қолданылады. Мысалы: алфавиттік, дактилоскопиялық және т.б. тіркеу түрлері..

Алфавиттік тіркеу. Тіркеудің бұл түрі алфавиттік карточка көмегімен жүзеге асырылады. Компьютерге енгізілген мұндай карточкаларда келесідей тіркеме жасалған мәліметтер бекітіледі: фамилиясы, аты –жөні, туған жылы мен жері, ұлты, тұрақты тұрғылықты мекен –жайы, соттылығының болуы; үкім шығарған сот; Қылмыстық кодекске байланысты бабы, сотталу уақыты, жазаның түрі; бұрынғы қылмыстық әрекеті (қашан, қандай органмен және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің қандай бабы бойынша жауапкершілікке тартылған), рақымшылық немесе кешірім жасауға байланысты үкімнің өзгеруі, жазаланған мерзімі мен орыны, сотталушының қайтыс

болған күні, айы, жылы; іздестіруде жүрген тұлғаны жазадан босату негізі, қайыр тілеу мен босқындап жүруіне байланысты ұсталған тұлғалар; тіркеуге алудың заңдық негізі жөніндегі мәліметтер. Карточкада тіркелетін тұлғаның дактилоскопиялық формуласы көрсетіледі, оң қол сұқ саусағының таңбасы басылып алынады, олар алфавиттік және дактилоскопиялық карточканың өзара байланысын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар мүмкіндік болса тануға көрсету үшін карточкаға тіркелетін (тізімге алынатын) тұлғаның фотосуреті қоса тіркеледі.

Дактилоскопиялық тіркеу – қамауға алынған, бас бостандығынан айыру немесе жер аудару жазасына жазаланған, сонымен қатар қайыр тілеп жүргендігі және босқындығы үшін ұсталған тұлғаларды тіркеуге алудың бір түрі болып табылады.

Қылмысты жасалу тәсілі бойынша тіркеу. Тіркеудің бұл түрі өзара байланысқан екі картотека арқылы жүргізіледі. Біріншісінде белгісіз тұлғалармен жасалған қылмыстардың, ал екіншісінде жеке басы анықталынбаған тұлғалармен жасалынған қылмыстардың жасалу тәсілдері сипатталады. Тіркеу карточкалары жүйеленіп, есепке алынатын белгілері бойынша кезектілікті сақтай отырып картотекада орналастырылады. Алдымен қылмыстың түріне қарай топтарға бөлінеді, ал әр топтың ішінде оқиға болған жерге (мысалы: қоймада, дүкенде, пәтерде жасалған ұрлық), қылмыскердің қолданған техникалық құралдарының сипатына, жасалған әрекеттердің ерекшеліктеріне және т.б. байланысты шағын топтарға іріктелінеді.

Криминалдық полициямен жүзеге асырылатын тіркеу бірқатар сұрақтарды шешуді жеңілдетеді: а) бірнеше ашылмаған қылмыстар бір тұлғамен жасалынбаған ба? ә) осы қылмысты жасаған тұлға бұрын сотталғандардың және қылмыс жасауға бейім тұлғалар тіркеуінде жоқ па? б) тергелетін қылмыс бұрын жасалу тәсілі бойынша тіркеуге алынған тұлғамен жасалынған жоқ па?

Сыртқы белгілері бойынша тіркеу. Тіркеуге рецидив-қылмыскерлерді, іздеудегі қылмыскерлердің кейбір категориясын және жәбірленуші немесе куәнің сыртқы бейнесін есінде сақтап қалған белгісіз соттан бой тасалап жүрген қылмыскерлерді алады. Тіркеу танытуға көрсету фототүсірілімдерін жасау және «сөзді портрет» әдісімен сыртқы белгілерін сипаттау негізінде жүзеге асырылады. Фото - суреттер фотоальбомдар немесе фотографиялық картотека (фототека) түрінде жүйеленіп сақталынады, ал сыртқы белгілері суреттелінген карточкалар – белгі картотека түрінде, сонымен қатар компьютерде сақталынады.

Қылмысты жасау бойынша есепке алу екі картотека арқылы жүргізіледі. Біріншісі: белгісіз тұлғалармен жасалған қылмыстардың, екіншісі жеке басы анықталмаған тұлғалармен жасалған қылмыстарды тіркеу. Тіркеу карточкалары жүйеленіп, есепке алынатын белгілері бойынша кезектілікті сақтай отырып картотекада орналастырады. Алдымен қылмыстың түріне қарай топтарға бөледі, ал әр топтың ішінде оқиға болған жерге қылмыскердің қолданған техникалық құралдарының сипатына, жасалған әрекеттеріне қарай топтастырады.

Хабар-ошарсыз кеткен тұлғаларды тіркеу карточкасы тергеуші немесе жедел қызметкерімен жоғалған тұлғаның жоғалған уақыты мен жағдайлары, тұрмыс қалпы, қарым-қатынасы, әдет-дағдысы анықталғаннан кейін екі данада толтырылады. Карточкада жоғалған тұлғаның демографиялық мәліметтері бекітіліп, жоғалған тұста көрген қуалардың көрсетпелері бойынша сыртқы бейне белгілері мен үстіндегі киім, аяқ киім белгілері сипатталады. Карточка ең алдымен жынысына қарай, содан кейін жасына қарай жүйелендіріледі.

Жеке басы анықталмаған мәйіттерге қатысты карточка екі данада толтырылады. Онда мәйіттің табылуы, орны, уақыты, жынысы, бойы т.с.с белгіленеді. табылған мәйіттің тануға көрсету фотосуреттері, қол саусақтарының көшірмелері және киім матасының үлгілері қоса тіркеледі.

Нормативтік құқықтық актілер

1. ҚР Кедендік Кодексі 2003 ж. 5 сәуір
2. Қазақстан Республикасындағы Заңы Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы, 20.01.2010 жыл
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі

Әдебиеттер:

Негізгі

1. Нурғалиев Б.М. Криминалистика Учебник Караганда, 2009.
2. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика Учебник для вузов (под. Ред. Р.С.Белкина) М..2000.
3. Габричидзе Б.Н. Российское таможенное право. Учебник для вузов. М.:Норма-Инфра,2001

Қосымша

1. Гинзбург А.Я. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике. Учебно-практическое пособие. 1996
2. Павлухин Б.В. расследование в форме дознания. Учебн. пособие. Томск 1979.

Тақырып Кеден органдарының қылмыстық іс жүргізушілік және криминалистикалық қызметі.

Түйінді сөздер: криминалистика, анықтау қызметі, жедел-іздістіру шаралары, жедел-іздістіру қызметі, контрабанда, кеден органдары, кеден ісі, кеден саясаты.

Негізгі сұрақтар:

1. Анықтау кеден органдарының бірі ретінде.
2. Контрабанда істер бойынша анықтау. Қылмыстық іс қозғау. Алғашқы тергеу әрекеттерін жүргізу.
3. Кеден органдарының тергеу органдарымен өзара әрекеттесуі.

Тезис: кеден органдарының кеден ісі саласындағы жасалатын қылмыстармен күресу анықтау қызметінің бірде бір міндеті. Ол өз алдына тергеудің бірде бір нысаның құрайды. Алдын-ала тергеу тергеу мен анықтау органдарының іске қатысты дәлелдемелерді жинау, тексеру, бағалауға бағытталған қызметін білдіреді. Заң анықтаудыекі түрге ажыратады, олар:

1. алдын-ала тергеу міндетті түрде жүргізілетін істер бойынша анықтау;
 2. алдын-ала тергеу міндетті емес түрде жүргізілетін істер бойынша анықтау;
- Бірінші түрі бойынша анықтау қылмыстық істі қозғау мен алғашқы тергеу әрекеттерінің жүргізілуін қажет етеді (қарау, тінту, алу, куәландыру, ұстау, жауап алу). Болған қылмыс туралы мәліметті анықтау органы 10 күн ішінде прокурорға хабарлайды және тергеушіге тергеулік реті бойынша жібереді.

Екінші жағдайда іс толығымен тергеліп, анықтау органдары ҚІЖК көзделген барлық тәртіптерге сәйкес қылмыстық істі дәлелдеуге қатысты барлық шараларды жүзеге асырады.

Анықтау мерзімдері жалпы ереже бойынша қылмыстық іс қозғалған сәттен бастап 1 ай мерзімне аспауы тиіс. Осы мерзімнің ішіне айыптау қорытындысын жасау немесе қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы толтыруда кіреді. Бұл мерзім тағы 1 айға дейін қадағалау жүргізетін прокурормен созылуы мүмкін, ерекше жағдайларда бұл мерзімнен де ұзақ мерзімге созылуы мүмкін.

Заңға сәйкес ҚР Кеден органдары анықтау қызметін:

- контрабанда істері бойынша;
- заңсыз технологияның экспорты, жаппай қауіп келтіретін қаруларға, әскери техникаға қатысты;

- ҚР территориясына мәдени, тарихи және археологиялық құндылығы бар тауарлардың қайтып келемеуі бойынша т.с.с.

Заңға сәйкес алдын-ала тергеу мен анықтау қызметін кеден органдары толық көлемде жүзеге асырады, яғни істі сотқа бергенге дейін.

Контрабанда фактісі бойынша қозғалған қылмыстық істердің заты болып көліктік құралдар, халық пайдаланатын таурлар, наркотикалық заттар, есірткі заттар, азық-түліктер, орман материалдары, әскери техникалар табылады.

ҚР кеден органдарының жүйесінде анықтауды құзіретті лауазымды тұлғалар жүзеге асырады. Бұл мақсат үшін кеден органдарында анықтау бөлімдері құрылған. анықтау қызметін осы бөлімдегі лауазымды тұлғалар жүргізеді. Анықтаушымен шығарылатын барлық процессуалдық құжаттарды кеден органының басшысы бекітеді немесе оның орынбасары. Кеден органдарының басшылары анықтаушымен бірге қылмыстық істі қозғаудың негізі, тергеу әрекеттерін дұрыс жүргізуге, барлық мерзімдердің сақталуына қатысты жауапкершілікке тартылады.

Қылмыстық істі қозғау- қылмыстық процесстің жеке сатысы, олардың негіздері мен себептері бар (қылмыстық істі қозғауға қатысты):

анықтау органдарымен қылмыстың белгілері анықталса;

азаматтардың хаттары мен арыздары;

мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың қылмыскерлер туралы ақпарат беруі; т.с.с. (өзінің кінәсін мойында)

Қылмыстық істі қозғауға (өте жиі кезде) кеден органдарының құқық бұзушылық орын алғандығы туралы ақпарат негіз болады. Мұндай ақпараттар кеден органдарына кеден бақылауын жүргізген кезде белгілі болады, мысалы көлік құралдарына, жүктерді, құжаттарды қарау барысында.

Мұндай мәліметті алған сәттен бастап кеден органының лауазымды тұлғасы 3 күн ішінде тексеру әрекеттерін жүргізу керек, ерекше жағдайларда бұл мерзім 10 күнге дейін созылады. Тексеруді аяқтағаннан кейін лауазымды тұлға келесі шешімдерге келу керек, олар: қылмыстық істі қозғау туралы, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы негізделген қаулы шығару керек

Хаттаманы және басқа материалдарды тергеу реті бойынша тапсыруға (по подследственности) егер олар кеден органының анықтау қызметінің құзыреттілігінен тыс болса.

Қылмыстық істі қозғау үшін қылмыстық белгілерге көрсететін жеткілікті негіздер болу қажет. Сондықтан кейбір кезде қылмыстық істі қозғау үшін жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру қажет. Қылмысты қозғау туралы қаулыны кеден органының басшысының қолымен бекітіледі. Онда қаулыны шығарған жер, орган, уақыты, негізі мен себебі, ҚҚ бабы т.с.с. мәліметтер көрсетілуі керек.

Анықтау қызметін жүргізетін анықтаушы істі өз өндірісіне алғандығы туралы қаулы шығарады ҚІЖК сәйкес іс бойынша тергеу әрекеттері жүргізіледі, олар қылмыстың ізін табуға бағытталған.

Тергеу әрекеттері: қарау, куәландыру, тінту, алу, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алу, ұстау.

Жалпы кеден органдарының анықтау қызметі басқа тергеу органдары мен жедел-іздістіру органдарының қызметінен ерекшеленбейді.

Көптеген авторлар кеден органдарының құқық қорғау органдарына жатқызады. өйткені кеден органдары мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін бақылайтын органдарға жатады. Кеден органдарының құқық қорғаушылық қызметі мемлекетіміздегі экономикалық суверинитетті сақтауға бағытталған. Кеден органдарының құқық қорғаушылық міндеттері ҚР Кеден құқығы кодексiмен және т.б. нормативті актілермен реттеледі. Сол сияқты кеден органдары анықтау қызметін жүзеге асырғандықтан олар контрабанда, заңсыз экспорттық технология, кеден төлемдері мен баждарын төлеуден жалтару сияқты қылмыстарды анықтайды олардың алдын-алады және тергейді. Кеден

органдары құқық қорғау органдары сияқты құқық бұзған тұлғаларға қатысты мәжбүрлеу шараларын қолдана алады, оларды қолдануы тек Заңмен көрсетілген негіздерге сәйкес болу керек.

Кеден органдары басқа құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу қызметін жүзеге асырады.

Ұсынылатын әдебиеттер

Нормативтік құқықтық актілер

1. ҚР Кедендік Кодексі 2003 ж. 5 сәуір
2. Кеден зертханаларында кедендік сарптама жүргізудің ережесін, Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеудің ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігінің 2003 жылғы 14 мамырдағы №205 бұйрығы./Деректер базасы «Заң»
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі

Әдебиеттер:

Негізгі

1. Алибеков С.Т. Казахстанское таможенное право (Общая и Особенная части): Учебное пособие. Алматы.:Адилет-Пресс, 2003.
2. Габричидзе Б.Н. Российское таможенное право. Учебник для вузов. М.:Норма-Инфра,2001
4. Гинзбург А.Я. Оперативно-розыскная деятельность. Учебное пособие. 1996 г.

Қосымша

1. Голощанов Н.А. Таможенный контроль./ Под ред.Ильина И.А./м.:Экзамен.2000.
2. Драганов В.Г.,Рассолова М.М. Таможенное право. М.:Экономика.2001.
3. Павлухин Б.В. расследование в форме дознания. Учебн. пособие. Томск 1979.

Тақырып **Кеден органдарының жедел-іздістіру қызметі.**

Түйінді сөздер: **криминалистика, анықтау қызметі, жедел-іздістіру қызметі, кеден ісі, кеден құқығы, жедел шаралары, экономикалық контрабанда.**

Негізгі сұрақтар:

1. Жедел-іздістіру қызметінің түсінігі. Жедел-іздістіру қызметінің міндеттері, қағидалары.
2. Жедел-іздістіру қызметінің субъектілері, құқықтық негіздері.
- 3.Кеден органдары, олардың функциялары.
4. Кеден іс саласындағы контрабанда және өзге де қылмыстармен күресу бойынша жедел-іздістіру қызметі.

Тезис: Жедел-іздістіру қызметтері теориясының құрылуы мен дамуы туралы айтқанда, ол басқа да ғылымдар сияқты біздің болмысымыздың нақты жағдайында дифференциация және интеграция сияқты, ғылыми білімге ортақ, жетелеуші әсерін міндетін басынан кешіретін міндетті түрде айтып үткен дұрыс.

Жедел-іздістіру қызметтерінің теориясы - бұл жедел-іздістіру шараларын тиімді ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін қажетті, ғылыми тұжырымдар және ұсыныстар жүйесімен қылмыспен күрес тәжірибесімен құралдандыруға бейімді қылмыспен күресудегі жедел-іздістіру қызметтерін жүзеге асырушы органдардың құрылымдары мен жедел-іздістіру қызметтерінің табысты жұмыс жасауы үшін, құқықтық, ұйымдастырушылық, ақпараттың, әдістемелік, кадрлық және алғышарттық ресурстар мен жағдайларын құрайтын ғылыми білімнің аймағы.

Жедел-ізвестіру қызметтерінің қазіргі теориясын осы қызметтің ұйымдастыру үлгісі туралы білім жүйесін заңда айқындалғандай және ҚР «Жедел-ізвестіру қызметтері туралы» Заңының 2 бабында анықталған міндеттерді шешуге бағытталған, жедел-ізвестіру шараларды жүзеге асыру әдісінің негізделгені сияқты анықтауға болады.

Ж ҚР «Жедел-ізвестіру қызметтері туралы» Заңының 5 бабы заңда көрсетілген, міндеттер мен мақсаттардың жетістіктері үшін жедел-ізвестіру қызметтерін іске асыруға жіберсе, онда нақ солардың мздері (міндеттер мен мақсаттары) жедел-ізвестіру қызметтері сферасындағы теоретикалық зерттеулердің негізгі бағыттарын анықтайды.

Бұл зерттеулердің мақсатты бағыттары мзді, денсаулықты, тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның меншігін, қауіпсіздігін және мемлекетті қылмыстық қол сұғудан қорғау үшін жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асыру әдістері және ұйымдастыруды жетілдіретін, заңнамамен тұжырымдалған, атап айтқанда мыналардан тұрады:

- мзді, денсаулықты, құқықты, бостандықты, азаматтардың құқықтық мүдделеріне және меншіктеріне заңға қайшы қол сұғудан (тұлғаларына байланысты) қорғау;

- мемлекеттің, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның экономикалық өлеуметтілік мен қорғаныс қабілеттілігін бекітуге жәрдемдесу;

- қылмысты ашу және тыю, алдын алу, табу;

- тексеру органдарынан, тергеуден және соттан жасырынушы, қылмыстық жазадан жалтарушы адамдарды, із-түзсіз жоғалып кеткен азаматтарды және заңда қаралған басқа да тұлғаларды ізвестіру бойынша шараларды жүзеге асыру;

- халықаралық ұйымдар және шетел мемлекеттерінің арнайы қызметтерінің барлау-қопарғыш жұмыстарына ескерту, тыю және ашу;

- Қазақстан Республикасының Президентінің және басқа да қорғаудағы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету;

- мемлекеттік және басқа да заңның қорғауындағы құпияларды құрайтын мәліметтерді сақтаумен қамтамасыз ету; коммерциялық

- құпияларын қорғауда (меншіктің түрлерінен басқа), ұйымдарға, мекемелерге және кәсіпорындарға жәрдемдесу;

- бас бостандығынан айыру орындарында, қылмыстық-атқару заңнамасымен белгіленген режимді қорғау;

- жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының ЖІҚ заңында жедел жүзеге асырушы органдар толығымен көрсетілген. Қазақстан Республикасының аумағында жедел қызметін: Ішкі істер органдары. Құқық қауіпсіздік органы. Қорғаныс министрлігінің барлау орындары. Қаржы министрлігінің қаржы полициясы. ҚР президентінің күзет қызметі. Жедел ізвестіру қызметін жүргізуші органдар тізімі тек қана заңмен мзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. ЖІҚ мзінің алдына қойған міндеттерімен ҚР ЖІҚ-нің заңы арнайы бабында көрсетілген мақсаттарды орындауға бағытталған. Алайда барлау-іздеу жұмыстарын әрбір органдар мздерінің алдына қойған міндеттеріне байланысты орындайды. ҚР ЖІҚ-нің заңында жетінші бапта жедел ізвестіру қызметі осы Заңмен белгіленген міндеттерін орындайды: яғни жедел-ізвестіруге қызметін жүзеге асыруға мкілдік берілген органдар:

а) жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын- құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін, меншікті, қоғамдық меншікті мүдделерін мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, оның экономикалық және саяси күзіретін нығайту үшін мз құзыретіне сәйкес қажетті шараларды қолдануға.

б) мздерінің қарауындағы қылмыстық істер бойынша жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру жнінеде тапсырмаларын, прокурордың нұсқауын сондай-ақ ұйғарымын орындауға.

в) қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер тінгенін изгеше белгілі болған жғиттер мен деректерді; Республикасының мемлекеттік үкімет пен басқару органдарына дер кезінде хабарлауға.

г) құқықтық қимек туралы шарттар негізінде тиісті халықаралық құқық қорғау ұйымдары мен шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының үтініштерін орындауға.

д) жедел іздестіру шараларын жүргзу кезінде асырылатын қамтамасыз ету және хабарлама қыздері құпиясының ашылуы бермеу жңіндегі қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Кеден органдары жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырудың мақсаты:

- қылмысты анықтау, алдын-алу, тергеу және ашу;
- кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру;
- қылмыс жасауға дайындалып жатқан қылмыскерлерді анықтау т.с.с

Кеден органдарының ЖІҚ ҚР Жедел-іздестіру туралы 1995 ж. Заңымен реттеледі.

Кеден органдарымен ЖІҚ жүргізудің негіздері:

- қылмыстық істің қозғалуы;
- құқық бұзушылық туралы ақпарат болған кезде; т.с.с

ЖІҚ жүзеге асыратын кеден органдарының құқықтары:

- жедел-іздестіру шараларын жария және жария емес түрде өткізуге (азаматтардан сұрау жүргізуге, анықтама алуға, салыстырмалы үлгілер алуға);
- ЖІ органдарына көмек көрсететін органдармен өзара қарым-қатынас жасауға т.с.с.

ЖІҚ жүзеге асыратын кеден органдарының міндеттері:

- азаматтар мен адамдардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын қорғау және мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- анықтау органдарының, тергеушінің, прокурордың, соттың ЖІШ орындауға қатысты жазбаша тапсырмаларын орындау.

ЖІҚ нәтижелері тергеу әрекеттерін дайындауға, жүргізуге хабар-ошарсыз кеткен адамдарды, қылмыстық жауапкершіліктен жасырынып жүрген адамдарды іздеу үшін қолданылады.

ЖІҚ нәтижесі қылмыстық істі қозғауға себеп бола алады, анықтау және тергеу органына, сотқа ұсынылады (өндірісінде жатқан қылмыстық іс бойынша).

Кеден органының ЖІҚ жүзеге асыру кезінде ерекше жедел-іздестіру шарасы болып- бақылау поставкасы табылады. Мұндай шаралар контрабандалық тауарларды ҚР шекарасына кіргізілетін , шығарылатын әрекеттерге жатады.

Бақылау поставкаларын кеден шекарасынан өткізу қылмыстардың алдын-алу, ашу, тергеу мақсаттарында жүргізіледі (кеден органдарының келісімімен).

Ұсынылатын әдебиеттер

Нормативтік құқықтық актілер

1. ҚР Кедендік Кодексі 2003 ж. 5 сәуір
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі
ҚР ҚІЖК
3. ҚР Жедел-іздестіру туралы Заңы 1994 ж. 15 қыркүйек

Әдебиеттер:

Негізгі

1. Алибеков С.Т. Казахстанское таможенное право (Общая и Особенная части): Учебное пособие. Алматы.:Адилет-Пресс, 2003.
2. Габричидзе Б.Н. Российское таможенное право. Учебник для вузов. М.:Норма-Инфра,2001
4. Гинзбург А.Я. Оперативно-розыскная деятельность. Учебное пособие. 1996 г.

Қосымша

1. Гинзбург А.Я. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике. Учебно-практическое пособие. 1996.
2. Голощапов Н.А. Таможенный контроль./ Под ред.Ильина И.А./м.:Экзамен.2000.
3. Драганов В.Г.,Рассолова М.М. Таможенное право. М.:Экономика.2001

Тақырып **Кеден органдарымен жүргізілетін тергеу өндірісі барысында кейінге қалдыруға болмайтын тергеу әрекеттерін жүргізуді тактикалық қамтамасыз ету. (Өзекті дәріс)**

Түйінді сөздер: **криминалистика, анықтау қызметі, дәлелдеу процессі, дәлелдемелер, жауап алу тактикасы, фронтальды қарау, жалпы шолып қарау, эксцентрлік қарау, еркін әңгімелесу.**

Негізгі сұрақтар:

1. Дәлелдеу субъектілерінің жалпы сипаттамасы. Психологиялық байланысты орнату әдістері мен тәсілдері.

2. Жауап алу дәлелдеудің процессуалдық құралы. Сезіктілер, айыпталушы, жәбірленуші, куәлардан жауап алудың тәртібі.

3. Оқиға болған жерді қарау тактикасы. Тінту.

4. Жедел-ізвестіру шаралары.

Тезис: Жауап алу дегеніміз заңда көрсетілген тергеу және сот әрекеті. Ол арқылы жасалған қылмыстың мән-жайлары жөнінде керекті деректі мәліметтер алынып, олар қылмысты ашуға пайдаланылады. Іс жүргізу жағдайына байланысты жауап беретін адамнан жауап алудың бірнеше түрі бар. Атап айтқанда: жәбірленушіден, сезікті адамнан, куәден, айыпкерден жауап алу деп, бұл тергеу әрекеті төрт түрге бөлінеді. Кімнен жауап алынса да ол қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілуі тиісті, Бірақ, іс бойынша неғұрлым көп, маңызды мәліметтер жинап, осы тергеу әрекетінің сапасын арттыру үшін жауап алғанда, бұған тиімді, ыңғайлы тактикалық әдістер қолданылады. Бірақ ол қаншалықты тиімді болғанымен ол заңда көрсетілген тәртіпке қайшы келмеуі керек.

Жауап алуға дайындық үстінде осы адамның мінез-құлқы, моральдық және интеллектуалдық қасиеттері жөнінде белгілі мәліметтер жинап, ол адамның кім, қандай адам екенін біліп, онымен қандай бағытта қалай сөйлесу керек екендігін тергеушінің алдын-ала жүйелеп алғаны жөн.

Жауаптың қалыптасу процесі бірнеше кезеңнен құралады. Бірінші кезең — оқиғаны, не істің басқа бір мән-жайын қабылдау (көру, есту), екінші — осы қабылдап алған мәліметті ойда сақтау, үшінші — осы мәліметтерді есіне түсіріп, тергеушіге айтып жеткізу қабілеті.

Болған оқиғаны есіне түсіріп, жауабын толық айтып жеткізу қабілеті де әр адамда әр түрлі. Жауап алғанда бұл да мұқият ескерілуі тиіс. Жауап куәнің, не жәбірленушінің болған оқиғаның мән-жайын еркін баяндауынан басталады. Куә, не жәбірленуші, өзінің өтініші бойынша, жауап бергеннен кейін, жауабын өз қолымен жазуына құқығы бар. Тергеуші толық жауапты естігеннен кейін, жауап беруші адамға қосымша сұрақтар қойып, істің кейбір мән-жайын нақтылайды.

Қосымша сұрақ бергенде тергеуші заңда көрсетілген тәртіпті ескеруі керек:

— қойылған сұрақтардың анық және түсінікті болуы, куәні, не жәбірленушіні шатастырмауы тиіс;

— жетектеуші сұрақтарды қоюға болмайды;

— берілген сұрақтар куәні, не жәбірленушіні кемітіп, қорлауға, қорқытуға бағытталмауы керек.

Жауап алғанда осы тергеу әрекетін жүргізуге қолайлы, тиімді жағдай жасалуы тиіс. Егер куә асып-сасып, ренжіп, қобалжып отырса, оның көңілін жуатып, жайландырып,

содан кейін ғана жауап алуға кірісу керек. Жауап алғанда қолданылатын тактикалық әдістер. Жауап алғанда тергеуші мен жауап беруші адамның арасында белгілі бір қарым-қатынас қалыптасады.

Кейбір куәден, жәбірленушіден жауап алғанда көбінесе жауап үстінде пікір қайшылығы жоқ жағдай байқалады да, *ал сезікті* адамдардан және айыпкерлерден жауап алғанда келіспеушілік жағдай жиі кездеседі. Осыған байланысты жауап алуда қолданылатын әдістерді қалыптасатын тактикалық жағдайға сәйкес қарайық.

Біріншіден, жауап алып отырған адамға жайлы тыныш жағдай туғызса, оның асықпай, болған оқиғаны толық есіне түсіруіне жеңіл болады. Болған оқиғаны хронологиялық тәртіппен басынан аяғына дейін айтқызу арқылы да толық жауап алуға болады, себебі, мұндай жағдайда жауап берген адам болған оқиғаны белгілі бір ретпен, тізбектей, оның ұмытылған кейбір сәттерін есіне тез түсіреді. Сонымен қатар, болған оқиғаны, керісінше, соңынан басына қарай қайталатса жауап беруші оқиғаның кейбір мән-жайын есіне түсіріп, өзінің жауабын толықтыруы мүмкін.

Жауап берушінің ойында белгілі бір фактілерді қайтара жаңғыртуына сонымен қатар, жауап үстінде құжаттарды, фотосуреттерді көрсету де үлкен әсер етеді. Кейде куә көрген адамның бет-әлпетін сипаттап беруде қиналады. Мұндай жағдайда криминалистикада қалыптасқан, бет-әлпетін сипаттау терминдерін айтып көмектесуге болады.

Егер тергеуші жауапты оқиға болған жерге барып алса, жауап беруші көптеген мән-жайды қайтадан көз алдына келтіріп, оқиға жөнінде толығырақ, қанықты жауап бере алады. Естіген фактілерді де ойға түсірудің тиімді әдістері бар. Айталық, куә бір кісінің тегін, немесе есімін есіне түсіре алмай отыр дейік, бірақ ол кісінің тегі А. әрпінен басталатынын ұмытпаған.

Жауап алушы және жауап беруші адамның арасында қайшылықты жағдай қалыптасқан кезде, басқаша тактикалық әдістер қолданылады, ол әдістер жауап беруші адамның өтірік айтып отырғандығын әшкерелеуге бағытталады. Біріншіден, мұның, яғни ең елеусіз сәттерге дейін ескеріліп, жауап алынуы, олар тексерілген кезде бекімесе, жауап беруші адамның өтірігін шығаруға көмектеседі. Екіншіден, айыпкер жалпы оқиға бойынша беретін жауабын алдын ала дайындап келгенмен сұрақтың бұлай қойылатынын білмегендіктен, ол жауап бергенде абдырап өз өтірігін өзі шығарып алады. Әсіресе, қайта жауап алғанда осылай болады.

Жауапкер адамның өтірік айтып отырғанын әшкерелеу үшін істе осы факті бойынша жиналған басқа дәлелдемелерді, айғақ заттарды пайдалану керек.

Деректерді пайдалану тәсілдері бар. Ең алдымен дәлелдеме есебінде елеусіздеу деректерді айыпкерге көрсетіп, оны мойындамаса неғұрлым маңызды, бұлтартпас деректерге көшіп, жалған жауапты әшкерелеуге болады.

Айыпкерден жауап алудың тағы бір тактикалық әдістерінің бірі ішкі істер органдары арқылы жауап алу процесіне жедел-ізвестіру деректерін пайдалану. Мұндай деректер:

- жауап берушінің қылмысты оқиғаға қатыстылығын, оның жасалған қылмыс жөнінде каншалықты хабардарлығын болжаттыратындай жеке сипатына, тергеу кезінде оның аталған істің нәтижесіне мүдделілігіне;
- қылмыстың жекелеген элементтерін жариялауға немесе қылмыстың ашылуына;
- жауаптау кезінде алынуы мүмкін дәлелдемелерді тексеру әдістеріне қатысты пайдаланылады.

Жауап алу кезінде жедел-ізвестіру барысында алынған деректердің орнын мейлінше құпияландырудың маңызы өте айрықша. Сондықтан, тергеуші жедел-ізвестіру деректері бойынша айыпкерден жауап алғанда, қойылатын сұрақтарына өте мұқият болуы тиіс. Егер жауап алу күрделі жағдайда өтетін болса, онда тергеуші ең маңызды сұрақтарды алдын - ала іріктеп, құрастырып алғаны жөн. Жедел-ізвестіру деректерін пайдаланғанда, мұның маңызы өте зор болады.

Сондай-ақ, мұндай деректерді қай кезде қалай пайдалану керектігін де ескеру қажет. Жедел-ізвестіру деректеріне қатысты сұрақтар, оның құпиясы берік сақталған кезде қойылуы тиіс.

Жедел-ізвестіру деректерін белгілі бір мәліметтермен бірге қатарластыра пайдалануға болады. Мұндай жағдайда, бұл деректерге жауап берушінің назары әдейі аударылмайтындай деңгейде әрекет еткен жөн.

Жедел-ізвестіру деректерін пайдаланудың барлық әдістерін егжей-тегжейлі сипаттап беру мүмкін емес.

а) жауап алу барысында сұрақтардың сипатына орай айыпкер оның шыққан көзін байқап қалатын деректерді пайдаланбағаны жөн;

ә) егер қолданылған шаралардың барысында айыпкердің қылмыстық жолмен жинаған құнды заттары, мүліктері;

б) жауап алу барысында қаралатын іс бойынша барлық айғақтарды айыпкерге толық көрсетуге асықпау керек. Мұндай асығыстық тергеу орнына қайсыбір айғақ заттардың қалай түскенін айыпкердің байқап қалуына соқтыруы мүмкін;

в) егер жауап алушыға жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында анықталған қайсыбір фактілерді жауап алу жөніндегі хаттамаға енгізу қажеттігі туса, ол фактіні растайтын жәйттерді (уақытқа, тұраққа т. б. байланысты) алдын ала мұқият тексеріп алу керек.

Қылмыскерлер, әсіресе, аса қауіпті қылмыскерлер, сондай-ақ басқа да айғақ заттардың, келтірілген құжаттардың бұлтартпайтындығына көздері жеткен, бірақ қылмысын қалай, қандай жолмен болсын мойындаудан бас тартуға әбден бекінгендер, жаңағы айғақ заттардың, құжаттардың көзін құртуға тырысады.

Қылмысты істерді тергегенде әр түрлі объектілерді қарауға тура келеді. Осы қаралатын объектілерге байланысты тергеу қарауы бірнеше түрге бөлініп, жіктеледі.

Тергеу тәжірибесінде қараудың мынандай түрлері қолданылады: оқиға болған жерді қарау, мәйітті қарау, іздерді және жеке заттарды қарау, құжаттарды қарау, көлікті қарау, жергілікті жерді қарау, басқа да айғақ заттарды қарау. Оқиға болған жерді қарау, тергеудің бастапқы кезеңінде, қылмысты іс қозғалмай тұрғанда-ақ жүргізіледі. Көп қылмыстардың тергеуі оқиға болған жерді қараудан басталады. Бұл тергеу әрекетін кешіктірмей, дер кезінде жүргізген жағдайда қылмысты ашуға керекті, өте құнды дәлелдемелер жинап алуға болады. Оқиға болған жердің толық, пәрменді және дұрыс қаралуы тергеушінің осы тергеу әрекетіне ұқыпты дайындалуына тікелей байланысты. Тергеушінің дайындық жұмысы екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең — тергеушінің оқиға болған жерге шықпай тұрып, оқиға жөнінде хабар алысымен жүргізетін дайындық жұмыстары. Бұл бірінші кезеңде тергеуші мына төмендегі дайындық жұмыстарын атқарады:

1) өзі келгенше оқиға болған жерді өзгеріссіз сақтап қалу үшін белгілі бір лауазымды адамдарға, атап айтқанда, полиция қызметкерлеріне нұсқау береді;

2) оқиға болған жерді қарауға өзімен бірге қатынасатын лауазымды адамдарды (жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізетін), мамандарды нақтылап белгілеп, олардың оқиға болған жерге кешікпей келуіне керекті шара қолданады;

3) оқиға болған жерді қарағанда қолданатын криминалистік құрал-саймандарды және басқа да керекті жабдықтарды дайындайды.

Тергеуші оқиға болған жерге өзі келгенше оны өзгеріссіз сақтап қалу жөнінде нұсқау берумен қатар полиция қызметкерлеріне қылмыстың басында болып, оны көрген адамдарды анықтау және басқа да жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізуге арнайы тапсырма береді.

Оқиға болған жерді қарайтын тергеу тобын құрғанда тергеуші қарауға қандай мамандар қатынасуы керек екендігін алдын ала анықтайды. Егер оқиға болған жерде мәйіт бар болса, онда қарауға міндетті түрде сот-медициналық expertті не арнайы медициналық білімі бар адам қатыстырылуы керек. Іздерді және басқа да айғақ заттарды іздеп табу,

бекіту, алу және зерттеу үшін қарауға маман-криминалист қатыстырылады. Қаралатын объектілердің ерекшеліктеріне байланысты басқа да мамандардың қатысуы мүмкін.

Тергеу әрекеті оқиға болған жерді жалпы шолып қараудан басталады да, бұл қараудың бірінші кезеңі деп саналады. Кей авторлар бұл кезеңді оқиға болған жерді бағдарлау сатысы деп те атайды. Жалпы шолып қарау арқылы объектілердің орналасуын, олардың ара қашықтығын және басқа да жағдайларды есептей келіп, тергеуші оқиғаның болу механизмін болжап, көз алдына елестетіп, болған оқиғаның көрінісін ойша жасап көруі керек. Оқиға болған жердің шетінен бастап, спиральдық әдіспен оның ортасына қарай жүргізілетін қарауды орталыққа шоғырлану концентрлік әдісі дейміз. Жалпы шолып қарау үстінде оқиға болған жерде пайда болуы ешқандай негізсіз жат, бөгде іздер және қылмыстың болу механизміне қайшы келетін жағдайларды байқап аңғаруға болады. Оқиға болған жерді қараудың екінші кезеңінде жердегі әр объект бөлшек-бөлшегімен жеке-жеке қаралып, зерттеледі.

Тінту дегеніміз үй-жайды, қора-ауланы еріксіз түрде қарау арқылы іске қатынасы бар айғақ заттарды, тығылып қалған қылмыскерді тауып алу үшін жүргізілетін, заңда көрсетілген күрделі тергеу әрекеті.

Тінтудің мақсаты — әдейі тығып қойған немесе тығулы тұрған айғақ заттарды арнайы тактикалық әдістерді қолдану арқылы тауып алу.

Кейбір авторлар тінту әрекетін жедел-іздістіру әрекеті ретінде қарастырады. Тінтуді жедел-іздістіру әрекеті деп санауға болмайды. Жедел-іздістіру әрекеті, әрине тінту үстінде, тіпті тінту басталғанға дейін де жүргізіледі. Оның мақсаты — тергеушіге тінтуді сапалы жүргізуге керекті деректер тауып беру, атап айтқанда қандай зат қай жерде болуы жөнінде, тінтілетін адамда қару бар ма, жоқ па, тінтуді жүргізуге керекті мәліметтер жинап, тауып беру. Тінтудің басқа тергеу әрекеттерінен айырмашылығы — оның еріксіздігі. Тінтудің бірнеше түрлері болады. Ол — жеке адамды тінту (личный обыск), тұрғын үйді, жеке бөлмені тінту, ауланы немесе басқа ғимараттар мен нысандарды тінту.

Тінту алдында тергеуші арнайы дайындық жұмыстарын жүргізеді. Біріншіден, ол тінту жүргізілетін объект және үйі тінтілетін адам жөнінде керекті бағдарлық мәліметтерді жинап алу керек. Тінтілетін адам және пәтер болса, оның толық мекен-жайы, неше бөлмеден тұратыны, қылмыс ғимараттың қай қабатында жасалғаны, онда телефон бар ма, жоқ па, қанша адам тұрады, жеке үй болса ауласында не бар, қай мезгілде үйде кісілер болады, міне осының бәрі алдын ала анықталады. Тінтілетін адам жөнінде — оның мінез-құлқы, қаруы болу мүмкіндігі және оны сипаттайтын басқа да мәліметтерді жинап алу керек.

Екіншіден, жедел-тергеу тобын құрған кезде алдын ала тінтуге қандай лауазымды адамдардың немесе мамандардың қатысуы керек екендігін анықтап алып, оларды қай жерге орналастыру қажеттігін келісу керек.

Үшіншіден, тінтуге керекті арнайы техника құралдарын дайындау керек, айталық, темірден, не асыл металдан жасалған заттарды іздейтін құралдарды дайындау қажет.

Дайындық жұмыстары толық аяқталысымен тергеуші, жедел топқа кіретін адамдар тінтілетін үйге келеді. Осы тінтілетін жерге тосыннан, күтпеген мезгілде келу үшін де белгілі бір тактикалық әдістер қолданылады. Тінтілетін үйге жақындағанда жедел топтағы адамдар бөлініп, осы нысанға жан-жақтан жеке-жеке келуі тиіс. Үйге жақындар алдында үйдің маңайында бөтен адамдар бар ма, жоқ па, соны абайлап қарау қажет. Тінтілетін пәтер көп қабатты болса, бір қабат жоғары өтіп кетіп, тосу керек.

Тінтудің тактикалық әдістері тергеу әрекетінің кенеттен, тосыннан жүргізілуіне негізделеді. Сондықтан тінтуге керекті деректер жиналысымен және дайындық жұмыстары бітісімен, кешіктірілмей дер кезінде жүргізілуі тиіс. Тосыннан, күтпеген жерден жүргізілген тінту арқылы ғана іс бойынша пайдалы және маңызды деректер, дәлелдемелер тауып алуға болады. Сондықтан тергеуші, әр түрлі тактикалық әдістер

қолдану арқылы, тінтетін үйге күтпеген жағдайда, кенеттен кіру тәсілін ойластыруы керек. Үйге кіргеннен кейін тінтілетін адамды тінту жөніндегі қаулымен таныстырып, іске байланысы бар объектілерді тергеу орнына өз еркімен беру тінтілетін адамның міндеті екені айтылады. Тергеушінің бұл талабы бойынша олар кейбір нысанды (заттарды) тінтуге өз еркімен беруі де мүмкін.

Бұдан кейін жүргізілетін жұмыс — тінту нысанын жалпы шолып қарау, ауланы, бөлмелерді бақылап, дайындық үстінде алған бағдарлық мәліметтерге сәйкес пе, жоқ па, соны тексеру.

Жеке басты тінтудің өзі екі кезеңге бөлінеді. Әуелі, жалпылай тінтіп, бойында қару бар ма, жоқ па соны қарап, содан кейін басынан төмен қарай киімін, денесін ұқыпты, мұқият тексеріп шығу қажет. Қалтасынан табылған құжаттар, заттар арнайы алдын ала дайындалған жерге қойылып, кейін хаттамаға енгізіледі. Тінтуді, әрине сол тінтілетін адаммен бір жынысты адам жүргізуі тиіс. Тінтілетін адамның денесінде бинттелген, байланған жер болса оны шешіп көру үшін медицина мамандары қатыстырылып, бинтті шешу соларға жүктеледі.

Жалпылай шолудан кейін жеке объектілерді қарау кезеңі басталады. Тінтудің ойдағыдай табысты аяқталуы, оның белгілі бір тәртіппен, бағытпен жүргізілуіне, объектілерді қарау кезегін сақтауға, тағы басқа да тактикалық әдістердің толық және дұрыс қолданылуына байланысты. Тінтуге кірісер алдында тергеуші нені іздеу керектігіне, қайдан іздеу керектігіне және қалай іздеу керектігіне айрықша назар аударады. Не іздеу керек екенін тергеуші тінтуге келер алдында анықтап, шешіп алады. Ал, қайдан іздеу керектігі тінтілетін нысанды (үйді, бөлмені) жалпы шолып қарағанда анықталады. Не іздеу керектігін анықтаудың маңызы зор. Айталық, ізделетін нәрсеүлкен зат па, құжат па, ақша ма? Айғақ ізделетін жердің көлемі үлкен, іздеу жұмысы көпке созылатын болса, тінтуді сол ізделетін зат табылады-ау деген жерден бастау керек. Тінтуге келгенде үйде қанша адам болса, бәрі де тінту біткенше орнында болуы тиіс, кетуге рұқсат етілмейді. Тек жұмыс бабымен келген адамдарға, айталық, укол салуға келген медбикеге, хат тасушыға, жөндеу жұмыстарын жүргізуге келген шеберге, өзінің кәсіби қызметіне байланысты келген тағы басқа адамдарға, олардың құжаттарын, куәліктерін тексергеннен кейін үйден кетуге рұқсат беріледі. Отбасы мүшелеріне, үй-іші, бала-шағаларға бір белгілі жер бөлініп (мысалы, жеке бөлме) тінту біткенше сол орында отыруды талап ету керек. Бірнеше бөлме болса, қай бөлмеден тінту бастау керек екені бірден шешіліп, анықталуы тиіс. Кей жағдайда тергеуші өзі бір бөлмені тінтсе, екінші бөлмені тінту өзімен бірге келген полиция қызметкеріне тапсырылады. Тінтетін нысан тек бір бөлме болса іздеу есіктен басталып, қабырға бойымен бір бағытта оңнан солға, не керісінше жүргізіліп, одан кейін бөлменің ортасында тұрған объектілер қаралады. Табылған заттар алдын ала арнайы белгіленген, айталық, арнайы жеке үстелге кезек-кезегімен қойылады.

Тінту үстінде тінтілетін адамның көңіл-күйін, іс-әрекетін, психологиялық құбылысын бақылап, осының бәріне сын көзбен қарау керек, себебі мұндай жағдайда тінтілетін адам асып-сасып, заттың тығылған жерін өзі білдіріп қоюы мүмкін.

Мысалы, бір іс бойынша тінту жүргізілгенде үйде жалғыз тұратын, тінтілген бір сатушы әйел басында ашуы келіп, асып-сасып абдырай берген еді. Тінту ортасында бөлменің бір бөлігі тексерілгеннен кейін оның көңіл күйі көтеріліп, тінтіп жатқан адамдармен қалжыңдаса бастады. Тергеуші тінтілуші әйелдің көңіл күйінің өзгеруін байқап қалып, дер кезінде оған мән береді, тексерілген нысандарды тағы бір мұқият қарап шығуды жөн көреді, әсіресе, осы әйелдің тапжылмай тұрып алған төсек-орын тұсы сезік келтіреді. Айтқандайын, қайта тексергенде төсектің алмалы арқалығының қуысынан толған ақша, тергеуге қажет жалған құжаттар табылады. Міне, сөйтіп тергеуші тінтіліп жатқан адамның психологиялық көңіл күйіне дер кезінде дұрыс мән беруінің нәтижесінде іске керекті нысандарды тауып, тінтуді табысты аяқтайды. Сондай-ақ тінтуде бір нәтиже беретін тактикалық, психологиялық әдіс — "ауызша барлау". Бұл тактикалық әдістің мәні

тергеуші өзінің көмекшілеріне нұсқау берген болып немесе ақылдасқан болып, ауызша тінтілушіге естіріп, қай жерлерді, қай нәрсені, нендей нысанды мұқият қарау керек екендігін айтады. Сонымен бір мезгілде тінтілетін адамның психологиялық көңіл күйін бақылайды. Затты тыққан жері аталғанда, өзін қанша ұстамды ұстаса да, тінтілетін адам көбіне қобалжыған көңіл - күйін білдіріп қояды, құты қашып асып-сасып қалады.

Жасырын, құпия жерді іздегенде тінтілетін адамның мамандығын, оның кәсіби қабілетін де ескерген жөн. Қабырғадағы қуыс балғамен қаққан кезде күңгірт дыбыс береді, ол құлаққа естіледі. Жаңадан сырланған, жаңадан тұсқағаз жабыстырылған жер болса осы жерді аса ұқыптылықпен қарау керек, қабырғадағы суреттер де алынып қаралады. Металдан жасалған асыл бұйымдарды іздеуге арнаулы құрал-жабдықтар пайдаланылады.

Ұйымдастыру тәсіліне орай тінту екі түрге — *қайтара тінту* және *топтасып тінту* түріне бөлінеді. Алғашқы тінту оған қолайсыз жағдайда жүргізіліп ойдағыдай нәтиже бермеген, тінтуші жұмысқа жедел тартылып, оның қолында қажетті құрал-жабдықтар жеткілікті болмай, тінтуге көмектесетін арнаулы мамандар немесе басқа да қатысушылар жетіспей, тінтудің сапасына нұқсан келтірілген алғашқы тінту кезінде кейбір жерлердің назардан тыс қалып немесе асығыс тінтіліп, тергеу ісіне нұқсан келтірген, сондай-ақ алғашқы тінту кезінде оқиғаға қатысты айғақ заттар болмаған, оны жаңадан іздестіру қажеттігі туған немесе қылмыскер алғашқы жасырып қалған заттарын кейін бұрынғы орнына қойған жағдайларда тінту қайтара жүргізіледі.

Топ болып тінту кезінде операцияны бір мезгілде, үйлесімді жүргізудің маңызы айрықша. Бұл қылмыскерлердің бір-бірімен байланыс орнатып, әр түрлі айла-әрекеттер қолданып, жазадан құтылып кетудің жолын кеседі.

Тінтуді топтасып жүргізген кезде де оған дайындық және оны өткізу жеке-жеке жүргізіледі. Алайда, олардың бәрі бір жоспарға бағындырылып, бір жетекшінің басшылығымен ұйымдастырылады. Операцияның жетекшісі оның барлық қатысушыларына нұсқау беріп, тінтудің басталар мезгілін белгілеуге, аяқ астынан туған шараларға, айталық, тінтуді қайтара жүргізу қажет болған кезде, қосымша күш бөлуге міндетті.

Тергеу әрекеті хатталады. Онда қандай заттың қай жерден табылғаны, заттың ерікті не еріксіз түрде алынғаны, ол заттардың қалай сақталғаны көрсетіледі. Заттарды бейнелегенде оның сезік тудыратын белгілерін қағазға түсірудің қажеті жоқ. Алынған заттар тінтуге қатысушылардың көз алдында қолдары қойылып, мөрленеді.

Хаттамада қай заттың кімнің жауапкершілігімен сақтауға қойылғаны, қатысушылардың арыз - өтініштері де көрсетіледі. Оған тінту барысында түсірілген фотосуреттер қоса тіркеледі. Хаттаманың көшірмесі тінтілген адамға беріледі.

Жедел-іздестіру шаралары (ЖІШ) дегеніміз- жедел-іздестіру әрекеттерінің жиынтығын құрайды. ЖІШ келесі белгілері бар, олар: таптикалық тәсілдердің болуы, бір уақытта күштер мен құралдардың аздығы, ЖІҚ белгілі бір учаскіде жүргізілуі т.с.с. ЖІШ субъектілері ЖІҚ субъектілері болып табылады, ал объектілеріне қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын тұлғалар мен ұйымдар. ЖІШ түрлері екіге бөлінеді, олар. Жалпы және арнайы. Жалпы түрлеріне:

- азаматтар мен лауазымды тұлғаларға сұрау жүргізу;
- азаматтармен жария және жария емес қатынастар орнату және ЖІҚ қолдану;
- қызметкерлерді қылмыстық ортаға еңгізу;
- консперативті мекемелер мен ұйымдар құру;
- арнайы техникалық құралдарды қолдану;
- бақылау үшін сатып алу т.с.с.

1. Азаматтар мен лауазымды тұлғалардан сұрау жүргізу — бұл құқық қорғау органдарының барлық жедел аппараттарының жұмысында жетісті қолданыс тауып жүрген ең кең тараған жедел іздестіру шаралары.

2.Құқық қорғау органдарының жедел бiлiмшелерi әртүрлi жедел iздестiру шараларын қолдана отырып әрқашан азаматтардың қiмегiн қолданған және қолданады. Азаматтармен ынтымақтастық құпиялылық негiзiнде белгiсiз сырт қызден сақтана жария емес жағдайда жүзеге асырылады. Жедел iздестiру жұмысының қiпiғасырлық тәжiрибесi дәл осындай қiмектiң арқасында қоғамның мүддесiн, оның азаматтарының заңды құқықтарын қорғаудағы ең қиын мәселелердi жетiстi шепгуге мүмкiн екендiгiн қiрсетiп отыр.

3. Қызметкерлердi қылмыстық ортаға енгiзу – ЖIҚ теориясы мен практикасындағы ең мзектi мәселелердiң бiрi ретiнде қылмыс жасалуының себебi мен оның шарттарын анықтау үйiн қажеттi шаралар қолдану үшiн ҚРиминогендi ортада болып жатқан құбылыстар мен үрдiстер жайлы жедел маңызды бар ақпараттар алу екенiн атап айтқан жұн.

4. Арнайы құралдарды қолдану - бұл қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыстылықпен күрес мақсатындағы заңдылықты қатаң сақтау барысында құқық қорғау органдары қолданылатын техникалық құралдар, құрылғылар және сғйкес тактикалы-техникалық қабылдау жүйесі.

5. Бақылау үшін сатып алу

Бақылау үшін сатып алу - заңға қарсы әрееттерге күдікті тұлғамен ұсақ алып-сатуды жасаумен қортындыланатын (алушыларды алдау, тиым салынған тауарларды сату) жедел iздестiру шаралары.

Арнайы ЖIШ түрлерi:

Сотталғандардың хат-хабарларын бақылау - бұл сотталғандармен жiберiлетiн және алынатын жеке және ресми түрдегi жеделхаттары және шағымдары, арыздары, хаттары ашық бақылауға алынатын жедел-iздестiру шаралар.

Пошталық жiнелтiлулерге ұзартылған бақылау ЖIШ жүзеге асыратын органдардың жедел-техникалық құрылымдарымен жүргiзiледi. Оның қорытындыларын жүргiзудiң және рәсiмдеудiң тәртiбi арнайы тiзiмдiк нормативтiк актiлерiмен белгiленедi.

Жеке азаматтардың телефондарынан немесе басқа сйлесу құралдарынан жүргiзiлген телефондық және басқа да сйлесулердi тындау, олардың мздерiнiң жазбаша түрдегi келiсiмдерiмен немесе арыздары бойынша, мзiнiң денсаулығына, мiрлерiне қауiп тудырған жағдайда, сонымен қатар қышмысты ашу үшiн маңызды мәлiметтер алынатын жағдайларда, немесе ЖIП-ның басқа мiндеттерiн шешу үшiн қажеттi болған жағдайда жүргiзiледi т.с.с.

Ұсынылатын әдебиеттер

Нормативтiк құқықтық актiлер

1. ҚР Кедендiк Кодексi 2003 ж. 5 сәуiр
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық iс жүргiзу кодексi Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексi
ҚР ҚIЖК
3. ҚР Жедел-iздестiру туралы Заңы 1994 ж. 15 қыркүйек

Әдебиеттер:

Негiзгi

1. Нурғалиев Б.М. Криминалистика Учебник Караганда, 2009.
2. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика Учебник для вузов (под. Ред. Р.С.Белкина) М..2000.

Қосымша

1. Голощапов Н.А. Таможенный контроль./ Под ред.Ильина И.А./м.:Экзамен.2000.
2. Драганов В.Г.,Рассолова М.М. Таможенное право. М.:Экономика.2001.
3. Гинзбург А.Я. Оперативно-розыскная деятельность. Учебное пособие. 1996 г.

Тақырып Кеден органдарының құқыққорғау қызметінде арнайы білімдерді қолдану. (Ақпараты дәріс)

Түйінді сөздер: **криминалистика, анықтау қызметі, арнайы білім, арнайы ғылыми білім, сот сараптамасы, кеңес беру, соттық емес сараптама, маман, кедендік сараптама, тауарлар, кеден сарапшылары.**

Негізгі сұрақтар:

1. Арнайы білімдерді анықтау. Кеден органдары- арнайы білімдерді пайдаланатын субъектілер.
2. Арнайы білімді пайдалану нысандары, алу қайнар көздері.
3. Соттық сараптамалардың түрлері мен класстары. Сараптаманы тағайындау туралы қаулы.
4. Құқық қорғау мақсаты үшін кеден сараптамаларының нәтижелерін қолдану. Кедендік сараптаманың объектілері, пәні, түрлері.

Тезис:

Ұсынылатын әдебиеттер**Нормативтік құқықтық актілер**

1. ҚР Кедендік Кодексі 2003 ж. 5 сәуір
2. Кеден зертханаларында кедендік сараптама жүргізудің ережесін, Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеудің ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігінің 2003 жылғы 14 мамырдағы №205 бұйрығы./Деректер базасы «Заң»
3. Қазақстан Республикасындағы Заңы Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы , 2010 ж.

Әдебиеттер:

Негізгі

1. Алибеков С.Т. Казахстанское таможенное право (Общая и Особенная части): Учебное пособие. Алматы.:Адилет-Пресс, 2003.
2. Габричидзе Б.Н. Российское таможенное право. Учебник для вузов. М.:Норма-Инфра,2001
3. Бычкова С.Ф. Организация назначения и производства суд.экспертиз. Алматы: «Жеті жарғы» 1999

Қосымша

1. Голощапов Н.А. Таможенный контроль./ Под ред.Ильина И.А./м.:Экзамен.2000.
4. Драганов В.Г.,Рассолова М.М. Таможенное право. М.:Экономика.2001.
5. Козырин А.Н. Таможенное право России: Общая часть: уч.пос.-М.:Фирма «СПАРК»,1995.
6. Некрасов В.А. Основы таможенного дела в Республики Казахстан: Учеб.-Астана:2002.

ҚДЖК-нің 7-бабының 41-тармағында: «Арнаулы білім - адам кәсіби оқудың не белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеуінің нәтижесінде алған, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдаланатын қылмыстық сот ісін жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес білім».

Көптеген ғалымдардың ой-пікірлеріне талдау жасай келе проф. А.А. Исаев қылмыстық процестегі арнайы білімнің мазмұнын жүйе түрінде көрсетті:

1. арнайы білім білім жиынтығынан тұратын жалпыға мәлім емес және құқық саласынан өзге білім;
2. арнайы білім белгілі бір мамандық бойынша тұлғаның кәсіби білімі;
3. арнайы білім ситуациялық сипатта болады, олардың арнайы білім ретінде қолданылуы процесуалдық шешім қабылдаумен байланысты;

- арнайы білім ғылыми білім қатарына жатады;
- арнайы білім «негізгі» ғылым базасында синтезделінген білім жиынтығы.

Арнайы білім ғылыми техника жетістіктерінің тез дамуына байланысты, адамның таным қабілеттілігінің дамуына байланысты кейбір арнайы білім жалпыға мәлім білім қатарына қосылады. Арнайы білім мен ғылыми білімді кейбір әдебиеттерде теңдестіреді. Бұл сарапшының қызметіне ғана байланысты дұрыс деп табамыз. Сараптама жүргізу үшін арнайы ғылыми білім міндетті түрде қажет. Қылмыстық сотөндірісінің мақсаттарын жүзеге асыру үшін қолданылатын арнайы білім қазіргі заманғы ғылым мен техниканың жоғарғы деңгейіне жауап беруі қажет. Бірақ бұл арнайы білім тек қана ғылыми білім болып табылмайды. Сотөндірісі кезінде кез келген кәсіби дайындық, тәжірибесі арқылы жинаған арнайы білімі бар адамдарды қатыстыра аламыз.

Сонымен арнайы білімді сотөндірісінде қолданудың шарттары келесідей:

- Арнайы білімді сот өндірісінде қолданудың юридикалық және фактілік негіздері болуы керек. Фактілі негізі – іс бойынша пайда болған мәселелерді арнайы білім қолданып қана шешуге болады. юридикалық негізі – іс материалдары. Міндетті тағайындалатын сараптаманың процесуалдық негізі заң нормаларының талаптары (241-бап ҚДЖК).
- Арнайы білім қылмыстық процесуалдық заң көрсететін фоормада қолданылуы керек: сот сараптамасы – ҚДЖК-ң 32-тарауы, ғылыми-техникалық құралдарды қолдану – ҚДЖК-ң 129-бабы.
- Арнайы білімді қылмыстық процесс субъектілері өздерінің процесуалдық функциялар шеңберінде ғана қолдана алады (тергеуші, сот, прокурор, анықтаушы, сарапшы, маман, аудармашы).

Арнайы білімді қылмыстық процесте қолдану формалары т.с.с.

Сот сараптамасы – арнайы білімдерді сот өндірісінде қолданудың ең дәрежелі формасы. Ол тергеу мен соттың танымдық мүмкіндіктерін елеулі түрде кеңейтеді. Сараптама – жаңа дәлелдемелерді алуда және бар дәлелдемелерді тексеруде тәуелсіз процесуалдық форма болып есептелінеді. ҚР-ң «Сот сараптамалық қызмет туралы» заңының 1-бабында: Сот сараптамасы – шешілуі үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында, арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істердің материалдарын зерттеу.

Сараптаманы жүргізудің белгіленген процесуалдық формасы ҚДЖК-мен реттеледі. Яғни, сараптаманы тағайындау негіздері (240), тағайындау тәртібі (242), оны жүргізуі (245, 246), процесуалдық жағынан дайындауы (242), сараптама тағайындау мен жүргізу кезіндегі процеске қатысушылардың құқықтары (244) көрсетілген.

Сот сараптамасын тағайындаудың юридикалық және фактілі негіздері бар. Юридикалық негізі – тергеу жүргізуші органның шығарған негізделінген қаулысы, фактілі негізі – мәселелерді шешуде арнайы білімнің қажеттілігі.

Заң бойынша міндетті сараптама тағайындалатын негіздер көрсетілген (241-бап, ҚДЖК).

Сарапшы арнайы ғылыми білімге ие болып, заңда көрсетілген талаптарға жауап беруі керек:

- Жоғарғы білімнің болуы;
- Сот сараптамасының белгілі бір түрі саласында арнайы ғылыми білігі болуы тиіс;
- Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына арналған біліктілік куәлігінің болуы;

Сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижесі арнайы процесуалдық құжат – сарапшының қорытындысы ретінде бекітіледі. Ол дәлелдеме қатарына жатады. Қорытынды – жазбаша нысанда ұсынылған, қылмыстық процесті жүргізуші орган немесе тараптар сарапшының алдына қойған мәселелері бойынша, объектілерді зерттеуде арнайы ғылыми білімін пайдалана отырып жүргізілген нәтижелерге негізделінген қорытындылар. Қорытындыда сарапшы зерттеу кезінде қолданған әдістер, қойылған мәселелерге жауаптардың негіздемесі, сондай-ақ іс үшін маңызы бар және сарапшының өз

бастамашылығы бойынша анықталған мән-жайлар көрсетіледі (ҚДЖК-ң 120-бабы). Қорытынды объективтік мән-жайлар көрінсі табатын ғылымның мәліметтеріне негізделінген сараптамалық зерттеудің нәтижелері болып табылады.

Мамандардың қатыстырылуы. ҚДЖК-сі бойынша қылмыстық процесті жүргізуші тергеу және сот әрекеттерін жүргізу кезінде дәлелдемелерді табуда, анықтауда, жинауда, бекітуде және зерттеу мен бағалауда көмек көрсету үшін маманды шақыруға құқығы бар (84-бап). Маманның қызметіне дәлелдемелерді жинау, бекіту мен баға беруде көмек көрсету.

Дәлелдемелерді жинауда – іздеу, анықтау, алу, бекіту, құжаттау, сақтау, буып-түю болып табылады. Маман криминалистикалық маңызы бар ақпараттарды өңдеуде қатысады – көшірмелерді дайындау, іздестіру таблицаларын құрастыру, криминалистикалық есептегі мәліметтерді жүйелеу, толықтыру, қолдану т.б. Маман сараптама тағайындау мен материалдарды дайындауда үлкен рөл атқарады.

Дәлелдемелерді зерттеу кезінде тергеушіге алынған мәліметтің криминалистикалық маңызын, сапасын анықтауға, оларды ғылыми-техникалық құралдарды қолданып зерттеуге, болжауларды құрып, тексеруге, тергеу әрекеттерін жоспарлауға көмегін тигізеді.

Дәлелдемелерге баға беруде олардың қатыстылығы, жол берушілігі, жеткіліктілігі тарапынан қарастырылады. Маман, сонымен қатар, кеңес беру мен техникалық құрал-жабдықтарды дұрыс қолдануда өз көмегін тигізеді.

Маманның тергеу әрекетіне қатысқандығы туралы хаттамада көрініс табады. Оның айтқан кеңесі, ойы, қойған сұрақтары т.б. бекітіледі.

Қылмыстық процестегі сот сараптамасы институты мамандар институтымен жақын жанасады. Олардың ұқсастығы тергеу және соттың іске қатысты пайда болатын сұрақтарға байланысты арнайы білім қолдануында. Ал ерекшеліктері келесідей: а) сараптама – жеке түрдегі процесуалдық әрекет, ал маманның көмегі тергеу әрекетін жүргізгенде жүзеге асырылады; б) сарапшының процесуалдық міндеті – заң бойынша дәлелдемелердің қайнар көзі болып табылатын қойылған сұрақтар бойынша дәлелді қорытынды беруі. Ал маман тергеушінің дәлелдемелерді жинауда, табуда, бекітуде техникалық құралдар мен әдістерді қолдануға, арнайы сұрақтар бойынша кеңес беруге көмекші қызметін атқарады. Маманның пікірі заң шығарушы тарапынан дәлелдемелердің қайнар көзі болып есептелінбейді, бірақ оны табуға, бағалауға әсерін тигізе алады; в) сарапшы қорытынды жасағанға дейін жеке зерттеу жүргізеді, ал маман тергеушінің басшылық етуімен дәлелдемелерді жинауда қатысады; г) сарапшы қылмыстық жауаптылыққа, ал маман әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Заңда

маманның міндетті түрде қатысатын негіздері көрсетілген: мәйітті қарау кезінде, эксгумация, кәмелетке толмаған іске қатысушы болса, педагог пен психологтың қатысуы.

Ревизия. Ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру мақсатымен жүргізіледі. Оның жүргізілуі сот өндірісіне қатысты емес, бірақ нәтижесі негізінде қылмыстық іс қозғалуы мүмкін. Мемлекеттік ұйымдардың бюджеттен бөлінген ақша қаражаттарының мақсатты, дұрыс қолдануын, салықтардың төленуін, қаржылық қызметінің заңды бұзбай жүргізілуін Қаржылық Бақылау Комитеті тексереді. Тергеу жүргізуші органның тапсырмасы бойынша комитет ревизия жүргізе алады. Немесе өзі тексерген мемлекеттік ұйымдарда талан-таражға салу, иемдену фактісінің анықталуына байланысты ревизия материалдарын құқық қорғау органдарына жібереді. Аудит – коммерциялық ұйым. Ревизиямен ұқсас. Аудит субъектілердің шаруашылық-қаржылық, есеп жүргізу қызметін тексеру мақсатында жүргізіледі. Аудит объектінің бастығы, бухгалтері, акционерлерінің бастамасымен тағайындалады.

Соттық емес сараптама. Сот өндірісіне байланысты емес жүргізіледі және процесуалдық формаға ие емес. Бірақ бұл сараптаманың қорытындылары қылмыстық іс қозғауға негіз бола алады. Олар: мемлекеттік, қоғамдық, ведомствалық және жеке фирмалардың жүргізетін сараптамалары болып өзкезегінде бөлінеді. Өкілеттілігі бар

мемлекеттік органдармен сәйкес нормативтік актілер негізінде жүргізілетін сараптамалар. ҚР-ң «Табиға және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» заңы бойынша (о чрезвычайных ситуациях природного и техногенного характера) жер қойнауын қолданудың тәртібі мен жағдайларының сақталынуы, өндірістік мақсаттағы объектілер бойынша шешімдер мен жобаларды жүзеге асыру кезінде нормалардың, стандарт пен ережелердің сәйкес келуін анықтау, инженерлік құрылымдардың техникалық жағдайына бақылау салу т.б. Қоғамдық сараптамаларды көбінесе табиға ресурстарды қолдану мен қоршаған ортаны қорғау аясында лицензия мен сертификаттарды алу кезінде экологиялық сараптамалар жүргізіледі. Оның объектісіне жобалардың материалдары, келісімдер, шарттар, құжаттар жатады. Бұл сараптамалар санитарлы-гигиеналық нормаларға жүгінеді. Ведомствалық сараптамалар қызметтік сипатта болып белгілі бір ведомствоның ақпарат алу мақсатында жүргізіледі. Мысалы, ҚР «Кедендік ісі туралы» қаулысы бойынша біздің шекарадан өтетін тауарларды кеден органдары зерттеуге міндетті. Оларға: тағамдар, алкогольді және алкогольсіз ішімдіктер, автокөліктер, қара және түсті металдар, нефть және нефть өнімдері, тұрмыстық және электрлік өнімдер, дәрі-дәрмектер, өлшемдік және медициналық құралдар, қағаздар, құрылыс материалдары және күнделікте қолданылатын өнімдер т.б. жатады. Сараптама кезінде заттардың физикалық және химиялық құрылымдары анықталады, өндіретін елдер, тауарлық номенклатурасы, маркасы, сорты, түрі, сапасы, экологиялық қауіпсіздігі, есірткі, улы заттарға жату дәрежесін т.б. анықталады. Жеке фирмалардың жүргізетін техникалық сараптамалары кезінде технология мен өнімдердің сертификациялауы жүзеге асады. Бұл сараптамалардың мақсаты – зерттелінетін объектілердің сапасын, қасиетін, олардың ережелерге, нормаларға, технологияларға сәйкес келуі анықталынады. Бұл сараптамаларды жүргізетін мамандарды (сарапшылар) мемлекеттік органдар өздері дайындайды. Мысалы, мемлекеттік стандарт, патент, сараптама органдары, ведомствалары. Соттық емес сараптамалар қылмыстық сот өндірісімен байланысты емес. Сараптамалардың нәтижесі қорытынды, сертификат, анықтама түрінде дайындалады.

Білгір тұлғалардың ақпараттық қызметі. Тергеу үшін маңызды мәселелерге байланысты жіберген сұрауларына органдардың жауап беруі. Мысалы: ақпараттық центрден аты-жөні, мекен-жайы, соттылығы, психодиспанцерден есі дұрыстығы, ауырса қандай ауру, тіркеуде тұруы, диагнозы және т.б. нақты сұрақтар бойынша анықтама алу.

Әдебиетте көптеген ғалымдар арнайы білімді қолдану формаларына байланысты әртүрлі көзқарасты ұстанады. Олар қолдану формаларын процесуалдық және процесуалдық емес, заң нормаларында реттелу дәрежесіне қарай, субъектілеріне байланысты және т.б. деп бөліп көрсетеді.

Класы бойынша сараптама оңға бөлінеді. (Шляхов А.Р.)

1. криминалистикалық;
2. медициналық және психофизиологиялық;
3. инженерлі-көліктік;
4. экономикалық;
5. биологиялық;
6. инженерлі-техникалық;
7. инженерлі-технологиялық;
8. ауылшаруашылық;
9. экологиялық;
10. өнер зерттеу

Кластар топқа бөлінеді. Мысалы: криминалистикалық сараптамалар трасологиялық, баллистикалық, автороведтік, қолжазбалық т.б. өз кезегінде топтары түрлерден тұрады. Мысалы: трасологиялық қол саусағының сараптамасы, аяқ, аяқ киімнің ізінің сараптамасы, бүтінді бөлшек арқылы анықтау сараптамасы т.б.

Жеке сараптамалар бір сарапшының қатысуымен жүргізіледі.

Комиссиялық сараптама – бір мамандақтықтағы сот сарапшыларының комиссиясы жүргізетін сот сараптамасы.

Кешенді сараптама – егер іс үшін маңызы бар жағдаяттарды анықтау үшін білімнің түрлі салаларының негізінде зерттеу қажет болған жағдайларда, әр түрлі мамандықтағы сот сарапшыларының комиссиясы жүргізетін сот сараптамасы.

Қосымша сараптама – алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы жеткілікті дәрежеде анық болмаған не сот сарапшысы өзінің алдына қойылған мәселелерді толық шешпеген не алдыңғы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажет болған жағдайларда жүргізілетін сот сараптамасы.

Қайталама сараптама - алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы жеткілікті негізделмеген не оның дұрыстығы күмән тудыратын не сараптама жүргізудің іс жүргізу нормалары елеулі түрде бұзылғанда жүргізілген сот сараптамасы.

Кедендік сараптама дегеніміз - кеден ісі шеңберіндегі міндеттерді шешу үшін кедендік сарапшылардың немесе өзге де сарапшылардың арнайы және ғылыми білімдерін пайдалана отырып жүргізілетін зерттеулері.

Кедендік сараптаманың объектілері: тауарлар, тауарлардың үлгілері, көлік құралдары, идентификация құралдары, кедендік, көліктік және өзге де құжаттар және осы құжаттағы мәліметтер және сараптамаға жіберілетін құжаттар.

Тауар – кедендік сараптаманың объектісі ретінде кез келген материалды көрінісі бар объектілер. Кедендік шекарадан өтететін тауарлар және зерттеу үшін алынатын үлгілер (проба), контрабандаға жататын тауарлар – кедендік сараптаманың объектілері болып табылады.

Кедендік сараптама өз құрамына материалдықтану, идентификациялық, химиялық, сертификациялық, технологиялық, таурлық, экологиялық, өнертану, бағалық, құндық, геммологиялық, технико-криминалистік т.с.с.сараптамалардың түрін кіргізеді.